

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, I

Марта Нуссбаум

«Адамзат культивациясы: нарративті қиял»





Мақсаты: адамзат культивациясы туралы Марта Нуссбаум тұжырымдамасын нарративті қиялдау арқылы сипаттап талдау, толыққанды азаматтық құндылықтарды қалыптастырудағы әдебиеттің рөлі мен қажеттілігін негіздеу.

Кілт тіркестер: культивация, қиялдау күші, әлеуметтік стратификация, манипуляция, ішкі әлем.

Негізгі идеялары:

- Марта Нуссбаум – заманауи америкалық философ.
- Түсіну мен жанашу негізіндегі адамзат культивациясы.
- Софоклдың «Филоктет» трагедиясы адамға жанашырлық таныту құралы ретінде.
- Ральф Эллисонның «Көрінбейтін адам» шығармасы – әлеуметтік стратификация мен манипуляция айнасы.
- Авторлық қорытынды.

Марта Нуссбаум – заманауи америкалық философ, оның зерттеулерлері антикалық көне пәлсапа, саяси пәлсапа мен этика мәселелеріне арналған. Бүгінгі күні этика мен құқық салаларының профессоры Марта Нуссбаум Чикаго университетінде америкалық пәлсапаның аса танымал тұлғасы. Оның зерттеулері оқырманын өзгеше әрі қайталанбас детальдарымен таңғалдырып, жан-жақты білімі жаңа тезистердің қалыптасуына әсер етті.

Мектепті бітіргеннен кейін Марта Нуссбаум Нью-Йорк университетіне оқуға түсіп, білім нысанын классикалық әдебиет пен театр өнеріне бағыттады. Пәлсапаға деген қызығушылық ғалымның бойында университеттің соңғы курстарында оянғандықтан, Марта ізденістерін Гарвард университетінде жалғастыруға шешім қабылдайды. Нәтижесінде 1972 жылы пәлсападан магистрлік дәрежеге ие болса, 1975 жылы, яғни үш жыл өткеннен кейін, пәлсапа ғылымдарының докторы атанады (1).

Марта Нуссбаум Браун университетінде дәріс оқиды, этикалық сынның белді өкілі ретінде де белгілі. Зерттеушінің тұжырымдауынша, этика үшін өзгелерге көңіл бөлу, оларға жанашырлық таныту аса маңызды, сол арқылы әлеуметтік әділдікке қол жеткізуге болады. Марта Нуссбаум әдебиеттің рөлін жоғары бағалай келе, тек әдеби шығарма мен оның кейіпкерлері, проблемалары адамдарды жанашырлыққа үйретеді деп жазды. Оның еңбектерінің ішінде «Мейірімділіктің нәзіктігі» («The Fragility of Goodness»), «Махаббат білімі» («Love's Knowledge») және «Адамзат культивациясы» («Cultivating Humanity»), «Патриотизм мен космополитизм» («Patriotism and Cosmopolitanism») сияқты еңбектері кеңінен танымал (2).

Адамдар қарым-қатынасы ойлау мен оны білдірудің сан қилы пішіндерін тоғыстыра отырып, адамзат құндылықтарын білу, сезу, ақылмен қабылдау мүмкіндіктеріне ие болады. Соның негізінде адам саналы да объективті түйіндер жасау қабілетіне де жол ашады. Ғалымның айтуына қарағанда, Александр Мейкедзонмен толығымен келісуге болады, шын мәнінде, адамдарға романдар мен драмалар, бейнелеу өнері мен өлеңдер ауадай қажет, сонда ғана адам біткен таңдау жасай алатын болады.

Осылайша Мейкедзонға сілтеме жасаудан, бастау алған Марта Нуссбаумның «Адамзат культивациясы: нарративті қиял» атты эссесі зерттеушілер назарына жаңа ой түйіндерін тарту етті. Философ ғаламды мекендеген адамдар тарих пен әлеуметтік фактілерге негізделген білімді қажет етеді деп талдады. Оны түсіну мүмкіндігі адамзатта әр түрлі оқу бағдарламаларының көмегімен пайда болады деп білген ғалым оған кері құбылысты да байқауға болады деп атап көрсетті. Демек, Нуссбаум фактілерді жақсы білетін кез келген адам адамзаттық қоғам нормаларын да жақсы түсінеді деп біржақты айтуға болмайтынына баса назар аударды. 2500 жыл бұрын Гераклит: «Көптеген заттарды оқып үйрену толық түсінікті қамтамасыз ете алмайды», - деп жазғандай, Марк Аврелий де әлемнің азаматы болу үшін жай білім қорын жинау жеткіліксіз деген екен. Ойшылдың пікіріне сәйкес, адамдар өз бойында өзгелерге жанашырлық таныту қабілетін дамыту арқылы басқалардың уәжін түсініп, таңдау жасай алады. Көне дәуірдің идеяларына орала келе, Марта Нуссбаум кейде діндегі, жыныстағы, әлеуметтік топтардағы және ұлттық танымдағы ерекшеліктер адамдардың бір-бірін түсіну қабілетін күрделендіретінін



түсіндірді, себебі сол айырмашылықтарда адамның ішкі әлемі, қалауы, әлемге деген көзқарасы көрініс табады деп пайымдалды.

Марта Нуссбаумның ойынша, түсіну мен қабылдаудың осы үлгілерінде әдебиеттің алар орны да, атқарар қызметі де айрықша. Ментальды ынтымақтастықта Марта қайта Александр Мейкедзонның ойларын еске алады. 50 жастағы ғалым, «ақылдасу түріндегі демократия» теоретигі Америка Құрама Штаттарының азаматтары дауыс беруге шақырылатындықтан, өнерді қажет етеді деп тұжырымдады. Әрине, бұл өнердің маңыздылығын сипаттайтын бір ғана себебі болмаса да, бірегейі деп қабылданатындай, өнер адамның таңдауына әсер ететін ойлау және сезу қабілеттерін негіздейді деп түсіндірілді. Мейкедзонмен келісе отырып, Марта Нуссбаум өнердің әр түріне жеке-жеке тоқталуды дұрыс көреді. Оларды адам мен қоршаған орта түсіне білудің аса құнды элементі деп қарастырады. Музыка, би, сурет өнері мен мүсін өнері, сәулет өнері – барлығы қоғамдағы азамат ұғымымен сабақтастырылды. Алайда, олардың ішінде әсіресе әдебиетке өзгеше орын берілді. Аристотель «Поэтика» атты еңбегінің 9-шы тарауында атап өткендей, әдебиет болған нәрсені баяндауға емес, болатын нәрсені болжауға мүмкіндік беретін құрал деп танылады. Бұл мүмкіндіктер шегі әсіресе саяси өмірде құнды.

Әдебиеттің азамат қиялық дамыту түсінігін қалыптастыру мақсатында автор 2 әдеби шығармаға талдау жасайды. Екі жағдайда да әдеби шығармалар қажет қабылдауға септігін тигізетін қабілеттер ретінде баяндалады.

Біріншіден, талдау негізіне Софоклдың «Филоктет» трагедиясы алынды. Шығарма афин демократиясының дағдарысы кезеңінде, біздің эрамызға дейінгі 409 жылдары жазылды. Кітапта аласталған және аурумен қиналған азаматтың оқиғасы баяндалады. Троян соғысында гректермен шайқаста шалыс басқан Филоктет қасиетті храмда қате жібереді. Нәтижесінде жылан шаққан аяғы қатты сыздап, жан айқайы әскердің діни мерекесіне кедергі келтіреді, сондықтан әскер басылары оны шөл далада Лемнос аралында жалғыз қалдырып кетуге бұйрық береді. Қасына тек садақ пен жебелер қалдырылған Филоктетті олар тек 10 жыл өткеннен кейін іздей бастайды, өйткені сиқырлы да ғажайып садақсыз жеңіске жету мүмкін еместігін білген әскер оны қалдырған жерге қайта оралуға мәжбүр болады. Шығарма сюжетінде жалған әрі қисынсыз өтіріктер жігі сипатталады. Әскер басыларына қарағанда қарапайым солдаттар (трагедияда бұл – хор) көрмеген адам бейнесіне жанашырлық танытуға тырысады. Бұл ретте адамның жалғыздығы, жан ауруы, тіршілік үшін күресі баяндаудың негізгі желісін құрайды. Сонымен, драма басты кейіпкерлеріне деген аяушылық сезімді білдіре отырып, Филоктет бейнесін саяси және моральдық мақсаттарға қол жеткізудің құралы ретінде пайдаланған.

Екіншіден, Ральф Эллисонның «Көрінбейтін адам» атты 1952 жылғы шығармасы талдау нысанын құрады. Ол да адамның басынан өтер сәтсіз қабылдаулар мен мойындаулар арқылы суреткердің өзгеше ойлау дәстүрін дамыту бағытын жалғастырады. Кейіпкер өзін көрінбейтін қалыпта сипаттайды: ол көрінбейді, өйткені оны ешкім көруге де талпынбайды, ол араласқан адамдар соқыр іспеттес. Кейіпкер әр түрлі таптық стереотиптердің құрбаны болғандай. Романда, сонымен қатар, оны көретін де адамдар аталады. Олардың ішінде кедей қара бала, жақсы студент, қаланың төңкерісшіл қозғалысын қолдаған белсенді және т.б. «Армандар әлемінде жоғалған» «басқалар» тек олардың өз саналары қабылдаған нәрселерді ғана көре алатындай, ал шындық кейде сол әлемнің сыртында қалатындай тұжырымдалады. Эллисонның: «Көп жылдар бойы сіз іштей үрейлі сезіммен өмір сүресіз... Сөйтіп жүргенде күндердің бір күнінде сіз көрінбейтіндей ғайып боласыз» деген тұжырымына сілтеме жасай отырып, Марта Нуссбаум «көрнбеуді» шынайы өмірді талдауға арналған «ішкі көздер» тұрғысынан сипаттап талдайды.

Автордың айтуына қарағанда, Эллисонның сюрреалистік ғаламы Софокл пьесасының классикалық әлемінен, сөзсіз, өзгешеленеді. Сонымен қатар, екі автордың да өзара тығыз байланысқан мәселелер төңірегінде сөз бастауы да көзге түседі. Оларға Марта Нуссбаум әлеуметтік стратификация мен әділетсіздік, сана манипуляциясы сияқты мәселелерді жатқызды. Софокл драмасындағы бас тарту жағдаятын жан-жақты зерттеген ғалым қоршаған орта заңдылықтарын шебер сабақтастырған. Сол драма секілді Эллисон да оқырмандарына жан-жағын көріп білу қажеттігін уәждейді. Автордың айтуына қарағанда, сол арқылы оқырмандардың ішкі көздеріне әсер ету мүмкіндігі пайда болады. Мақсаты – моральдық күнәдан арыла отырып, үлкен де бауырмал жүректерге жол ашу. Марта Нуссбаумның ойынша, мұндай суреткер таңдауы романистің өнерін демократия мүмкіндігімен сабақтастыруға септігін тигізеді.



Нуссбаум: «Көрінетін және одан ауытқитын әрі тең келетін не одан бас тартатын құбылыстарды көз алдымызға келтіре отырып, роман үміт пен қабылдаудың, таңғажайыптардың жемісі ретінде құрастырыла келе, бізге әрдайым батпай, су бетінде қалықтауға мүмкіндік берері сөзсіз», – деп жазды. Философтың айтуына қарағанда, демократияда тек институттар мен іс-әрекеттердің болуы жеткіліксіз, ол жалпыадамзаттық құндылықтарды жоққа шығаратын ұлттық тенденцияны немесе үрдісті жеңетін өзгеше көзқарас пен танымды қажет етеді. Аталмыш идеяларды автор табиғи сипатқа қарсы романның стереотиптерге деген сатиралық қарым-қатынасын қарастырды, оның қатарында образ-бейне мен символдардың фантастикалық қолданысы аталды.

Эллисон сөздеріне сілтеме жасай отырып, Нуссбаум «азаматтық фантазияны қалыптастыру – әдебиеттің бір ғана болмаса да, маңызды қызметі» деген идеяны қолдады. Марта нарративті өнер әр түрлі адамдардың өмірлерін қызыға бақылауға, ашына және жанашырлықпен сезінуге мүмкіндік береді деп тұжырымдады. Талдау бағытын адамдардың әрекет етуге мүмкіндік берер қабілеттерін қалыптастыру ғана емес, олардың ұмтылыстары мен қалауларын, үміттері мен қорқыныштарын түсіну талаптары айқындалды, сондықтан философ әлемнің болашақ азаматтарын қалыптастырудағы жоғары білім беру жүйесінің рөліне ерекше мән берді. Ғалымның айтуына қарағанда, білім беру оқушылардың әдебиет саласындағы түсініктерін тереңдетуге ат салысу керек. Бұл бағытта Нуссбаум әдеби шығармаларды дұрыс реттеп, іріктей білуге айрықша ден қойды, оның адам баласының бойында саналы да жанашыр көзқарастарды қалыптастырара өзгешелігін бағалады. Осы сұрақтарды талдау барасында әлемдік тәжірибеде азаматтық насихаттаудың, ең алдымен, әдеби білім беру жүйесі арқылы іске асырылғандығы назарға ілікті. Көп жағдайда әдебиетке «саяси күн тәртібімен» келуге болмайды деген сыни көзқарастардың да айтылатынын ескерген Марта Нуссбаум экстремальды эстетикалық формализм мәселелерін негіздеді, себебі өзінің ғасырлар бойындағы даму тарихында батыстық эстетикалық дәстүр мінез бен қоғам мәселелеріне ерекше ықылас танытты. Осы дәстүрді жалғастыра отырып, Нуссбаум «Ерекше және ғажайып», «Әдебиет және жанашыр қиял» сияқты шығармалардың тұжырымдарына талдау жасады.

Нуссбаум: «Бала өз ата-анасымен оқиғаларды біріге баяндаған сәттерде оның моральдық қабілеттері ерекше дами түседі. Тіпті ең қарапайым ырғақтардың өзі де балаларды ғажайыптар әлеміне жетелей отырып, таңғалу мен қызығу әрекеттерін сабақтастыруға жол ашады. Балалар кішкентай жұлдыз табиғатына үңіле келе, қиялдауға үйренеді. Бұл қабілеттің астарында аспан әлеміндегі кішкентай пішіннің ішкі құпиясына бойлау, сол арқылы оның өміріне, эмоциясына еркіндік беру көрініс табады. Ерте кезден тануды бастаған балалар уақыт өте келе оны асқан шеберлікпен іске асыра алатындай болады. Олар адам туралы ғана емес, жануарлар әлемі туралы да баяндауға, өзгеше оқиғаларды тыңдауға мүмкіндік алады. Кейін бұл оқиғалар олардың өз жеке әрекеттерімен үйлесе байланысатындай болады. Оқиғалар мен әңгімелерсіз балалар өзгелерді көру және түсіну қабулеттерінен айырылады, өйткені кезінде олардың ішкі әлемі жұлдыздар құпиясы сияқты ашылмай, жабық қалып қойған еді» – деп жазды.

Бұл ойдан шығатын қорытынды, қиялдау қабілеті жақсы дамыған балалардың өзгеше жанашырлық танытуы да заңды. Әдебиет саласында тәрбиелік маңызы зор тұжырымдар мен ұстанымдардың кеңінен қолданыла бастауы шығармашылық ізденістердің жаңа бағытын сұрыптап қана қоймай, адам табиғатын алуан түрлі сыртқы және ішкі фактілер негізінде зерттей білуге де негіз болды. Адамгершілік дәстүрлеріне сәйкес, жанашырлыққа талдау нысаны ретінде қарау әрі батыстық, әрі батыстық емес пәлсапада өзектеліп келді. Адам Смиттің айтуына қарағанда, ақыл-ойы мен санасынан айырылған адамдар, тіпті оны өздері сезінбегендер де біздің жанашырлық нысанымызға айналады. Демек, бұл кезде адамнан күрделі моральдық қабілеттер жиынтығы қажет етіледі деген сөз. Бұл қатарда адамның қиялдау, өзін сол адамның орнына қоя білу, оны сөз етуге құқы бар ма деген сұрақтарға жауап іздеу мәселелері топталады.

Сонымен, азаматтық қиял негіздері ерте жастан сіңірілу керек деген ойдың ақиқаттығына көз жеткізу мүмкін болады. Марта Нуссбаум балалар әңгімелерді, ырғақтар мен әндерді өздері жақсы көретін үлкендермен бірлесе оқып үйренгенде нәтижелі болады деп есептеді. Ой элементтері мен құрылымдарының байланысуы, шынайы болмыстың танымдық мазмұнға сәйкестендіріле берілуі логика пішіні негізінде жаңа болжамдардың жасалу принциптерін айқындайтындықтан, бала да өз әлемін үлкендерге сүйене, олардың үлгісін басшылыққа ала әрі жанашырлық қабілетін сол арналармен сабақтастыра дамытары анық. Руссо өзінің



қиялдағы шәкірті туралы: «...оған көруге және адам бойындағы қиындықтарды сезінуге мүмкіндік беріңдер», – деп жазды. Осы мақсатта, Марта Нуссбаум баланың жас ерекшелігіне сәйкес әдебиетті таңдай білу қажеттігін өзектейді. Ғалым есейіп келе жатқан балалар мен жастарға күрделі әдеби шығармаларды қосу қажет деп есептеді. Айталық, кезінде көне афин мәдениетінде трагедияның жастарға моральдық тәрбие берудегі рөлі мен қызметіне үлкен мән берілген еді. Трагедия жанрына өту «эстетикалық тәжірибе» деп қабылданбайтын, әсіресе бұл тәжірибе азаматтық немесе саяси мәселелерге қатыссыз деп танылса. Драмалар әрдайым олардың моральдық және саяси мазмұнына сәйкес бағаланып отырылды.

Нуссбаум оқып тану үрдісінің бірдей де, әр түрлі де бола алатынына ерекше мән берді. Айталық, әлеуметтік, таптық ерекшеліктер туралы романдарды оқи отырып, мысалы Диккенстің шығармаларын алсаңыз, бір оқырман кейіпкерлердің өмірін, әрекетін дәл және нақты түсініп отырса, келесі біреулері оның мән-мағынасы толық бара алмайтындай күй кешеді. Алуан түрлі амалдарға сүйене отырып, кедей кейіпкерлерінің өмір сүру салты мен мақсат-мүдделері орта таптағы адамдардан көп өзгешеленетінін байқау қиынға соқпайды. Кейде оқырмандар бұл жағдаяттарды бағалай келе, оның салдарына көбірек назар аударады. Айырмашылықтарды да жалпыадамзаттық мақсаттармен сәйкестендіре отырып, ішкі әлемнің белгісіндей қабылдайды, өйткені таптық, ұлттық, этникалық айырмашылықтар адамдардың мүмкіндіктері мен қабылдау психологиясын дәйектейді деп есептеледі. Адамзат болмысына қатысты, оның табиғатына тәуелді деңгейде өңдеуден өтіп отыратын хабарлар желісі жеке тұлғалардың еркі мен эмоциясына, тәжірибесіне, жадыда сақталатын мезеттік және мәңгілік деректер тізбегіне орайласа айғақталатындықтан, адамның қабылдауы да бір саладан екінші салаға ауыса келе, танымдық үдерістердің жеделдігін, бір бағытқа бағыныштылығын қамтамасыз етуге үлес қосады. Соның ішінде адам атаулыға тән зейін де қабылданатын мәліметтердің ішінен өзіне керектісін, маңыздысын және қызықтысын бөліп зерделеуге мүмкіндік беретіні ақиқат. Объективті фактордың негізінде белгілі бір хабарды таңдап алу әр субъектінің жеке тәжірибесіне, түсіну, пайымдау әрекетіне қатысты сұрыпталады. Осы қатарда адамға қызмет ететін әдебиет те күрделі түсініктемелерді қажет ететін өнер түрі деп талданады.

Құрметті оқырман! Осы бір маңызды да парасатты құндылықтар тоғысында біз «Әдебиет теориясы. Антология» атты Джулия Ривкин мен Майкл Райанның редакциясымен дайындалған еңбектің бірінші томымен танысуымызды тәмамдаймыз. Біздің әдебиет теориясы әлеміне жасаған саяхатымыз көңілдеріңізден шықты деген үміттеміз. Бұл бастама өз жалғасын табады деген ойдамыз, себебі Антология құпияларына терең бойлау арқылы сіздер теория мен практика сабақтастығын түсіну, әдеби туындыларға арқау болар этика мен эстетика нормаларын меңгеру мүмкіндіктеріне ие боласыздар. Кез келген жағдайды түсініп бағалай білу қасиеті оны өткен тәжірибемен салыстыру арқылы, яғни жадыда орныққан мәліметтерді жандандырудың көмегімен жүзеге асатыны анық. Осы мақсатта кітап соңында Кент Ленхоф пен Наоми Моргенштерн еңбектеріне назар аударған абзал. Әдебиеттанушылардың зерттеулерімен жақынырақ танысу сіздердің білім қорларыңызды кеңейтумен қатар, өз ішкі әлемдеріңізді де тануға әрі түсінуге көмектеседі, өйткені таным дегеніміз адамның ішкі мүмкіндіктерін сыртқы әсер етуші күштермен байланыстыратын, оның қоршаған әлеммен тұтасқан болмысын сипаттауға мүмкіндік беретін және аралық қатынасты табиғи заңдылық ретінде немесе заттар мен құбылыстардың өзара әсер етуінің салдары деп дәйектейтін маңызды ұғымдардың бірі болып табылады.

Бақылау сұрақтары

1. Марта Нуссбаум өмірбаянын қысқаша баяндап беріңіз.
2. Марта Нуссбаумнің эссесіне арқау болған түсіну мен жанашырлық таныту бағытындағы адамзаттық культивация қалай жүзеге асырылады?
3. Софоклдың «Филоктет» трагедиясының мәні неде? Жаны ашу қалай байқалады?
4. Ральф Эллисонның «Көрінбейтін адамы» мен Софоклдың «Филоктет» трагедиясының ұқсастықтары мен айырмашылықтары қалай талданады?
5. Автор ойын қалай түйіндеуге болады?



Кітап: Әдебиет теориясы: Антология, I

Дәріс: 26. Марта Нуссбаум «Адамзат культивациясы: нарративті қиял»

Қолданылатын дереккөздері

1. http://www.peoples.ru/science/philosophy/martha_nussbaum/
2. Джули Ривкин мен Майкл Райан. Әдебиет теориясы: Антология. 3-басылым. 374–391 беттер.